

Мақта саласын дамыту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 298-III Заңы

Құжат мәтіндегі «сарапшы ұйым», «сарапшы ұйымды», «сарапшылық ұйымға», «сарапшы ұйымның», «сарапшылық ұйымның», «сарапшылық ұйым» сөздері «сараптама ұйымы», «сараптама ұйымын», «сараптама ұйымына», «сараптама ұйымының», «сараптама ұйымының», «сараптама ұйымы» сөздерімен ауыстырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңы бойынша (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Редакция 08.04.2016 жылы берілген өзгерістер мен толықтырулармен

Осы Заң мақта саласын дамытудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасында мақтаны өндіру, дайындау, сатып алу, өңдеу, сақтау және өткізу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

Кіріспе өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) кепіл куәлігін ұстаушы - кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемеде мақтаны кепілге ұстаушы болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;
- 2) қойма куәлігін ұстаушы - кепілмен ауыртпалық жасалған мақта иесі; қойма куәлігімен индоссамент жасалған жағдайларда - индоссат;
- 3) линт - мақта талшығын мақта тұқымынан ажыратқаннан кейін қалған тұқымның талшықты қабығы;
- 4) мақта - шитті мақта, мақта талшығы, мақта тұқымы;
- 4-1) мақта дайындау ұйымы - шитті мақта сатып алуды және дайындауды жүзеге асыратын заңды тұлға;
1-бап 4-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 5) мақта иесі - меншік құқығында шитті мақта және (немесе) мақта талшығы және (немесе) мақта тұқымы бар жеке немесе заңды тұлға;
- 6) мақта қабылдау пункті - шитті мақтаны қабылдауға, сақтауға және беруге арналған арнаулы ғимарат;
- 7) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры - мақта өңдеу ұйымдарының өздері берген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан мақта қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;
- 8) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет - шитті мақтаны сақтау; мақта талшығы мен мақта тұқымын сақтау, беру және шитті

мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі мақта өңдеу ұйымдары жүзеге асыратын қызмет;

9) мақта қолхаты - шитті мақтаны сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге; мақта талшығын және мақта тұқымын сақтауға қабылдап алғанын растау үшін мақта өңдеу ұйымы беретін қосарлы қойма куәлігі;

10) мақта қолхатын ұстаушы - мақта өңдеу ұйымына шитті мақтаны сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге; мақта талшығын және мақта тұқымын сақтауға өткізген мақта иесі; мақта қолхатында индоссамент жасалған жағдайларда - индоссат;

11) мақта нарығына қатысушылар - шитті мақтаны өндіруге, дайындауға, сатып алуға, оны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеуге және мақтаны өткізуге қатысатын жеке және заңды тұлғалар;

11-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

12) мақта нарығының мониторингі - мақта нарығына қатысушылар жүзеге асыратын мақтаны өндіруді, өңдеуді, сақтауды және өткізуді қоса алғанда, мақта нарығы деректерін жинауға, пысықтауға және талдауға бағытталған іс-шаралар жиынтығы;

13) мақтаның сапасы - стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін айқындайтын мақтаның тұтыну қасиеттерінің жиынтығы;

14) мақта өңдеу ұйымы - меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, мақта қолхаттарын беру арқылы шитті мақтаны бастапқы өңдеу және қойма қызметі жөнінде қызметтер көрсететін заңды тұлға;

14-тармақша өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

15) мақта саласын дамыту жүйесіндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мақта саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

16) мақта тазалау зауыты - шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеуге арналған арнаулы ғимарат;

17) мақта талшығы - шитті мақтаны бастапқы өңдеу кезінде алынатын негізгі өнім;

18) мақта талшығы бумасы - стандарттау жөніндегі техникалық регламенттер мен нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып, шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу нәтижесінде алынған мақта талшығының ерекше әдіспен нығыздалған белгілі бір көлемі;

19) мақта талшығының сапасына сараптама жасау - сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, мақта талшығының сапа паспортын ресімдеуді қамтитын мақта талшығы сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені;

20) мақта талшығы сапасының паспорты - мақта талшығы сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе) келісімшарттар талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

21) мақта тұқымы - шитті мақтаны бастапқы өңдеу кезінде алынған мақта ұрығы;

22) мақта шаруашылығы - өсімдік шаруашылығының мақта өндіру жөніндегі саласы;

23) мамандандырылған ауыспалы мақта егісі - бір ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің

жер пайдалану аумағындағы егістік жердің құрылымында мақтаның үлесі жетпіс пайыздан аспайтын жағдайда, өсімдіктер аурулары мен зиянкестердің жиналуына кедергі болатын, топырақ құнарлылығын сақтау мен арттыруға, шитті мақтаның өнімділігі мен сапасын арттыруға әсер ететін, мақтаның басқа ауыл шаруашылығы дақылдарымен ғылыми негізделген кезектестіріліп егілуі;

24) өңдеу шарты - шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі жария шарты;

25) сақтау шарты - шитті мақтаны сақтаудың жария шарты;

26) сараптама ұйымы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес мақта талшығы сапасына сараптама жасауды және мақта талшығы сапасының паспортын беруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

27) шитті мақта - тұқымынан ажыратылмаған талшық;

27-1) шитті мақтаны дайындау – мақта дайындау және (немесе) мақта өңдеу ұйымдары жүзеге асыратын, шитті мақтаны қабылдауды, сақтауды және беруді қамтитын қызметтер кешені;
1-бап 27-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

28) шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу - шитті мақтаны мақта талшығы, тұқым, линт, талшықты қалдықтар (құрамдарында үлік бар және мамық бар) етіп тазалау жөніндегі технологиялық операциялар кешені;

29) шитті мақтаның сапасына сараптама жасау - сынаманы іріктеу мен сынақтан өткізуді, шитті мақтаның сапасы туралы куәлікті ресімдеуді қамтитын шитті мақта сапасының нақты көрсеткіштерін анықтау мен растауға бағытталған шаралар кешені;

30) шитті мақтаны өңдеудің жанама өнімдері - тұқым, линт, талшықты қалдықтар (құрамында үлік және мамық бар);

31) шитті мақтаны сақтау – мақта қолхаттарын беру арқылы шитті мақтаны сақтау және (немесе) бастапқы өңдеу үшін қабылдау;
31-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

32) шитті мақта өндірісі - шитті мақта өсіруге бағытталған агротехнологиялық іс-шаралар кешені.

33) шитті мақтаны сатып алу – келісімшарт жасасу шарты арқылы шитті мақтаны сатып алу, оған сәйкес мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер шитті мақтаны осындай өнімді сатып алуды жүзеге асыратын мақта дайындау және (немесе) мақта өңдеу ұйымдарына шартта айқындалатын баға және талаптар бойынша сатады.
1-бап 33-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

2-бап. Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.
2-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны

қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2-тарау. Мақта саласын мемлекеттік реттеу

3-бап. Мақта саласын мемлекеттік реттеудің мақсаты

3-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Мақта саласын мемлекеттік реттеудің мақсаты ғылыми негізделген инновациялық технологияларды енгізу, мақта шаруашылығын техникалық реттеу мен индустрияландыру, оны тоқыма және тамақ өнеркәсібімен интеграциялау негізінде отандық мақта саласын дамыту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, мақта нарығына қатысушылар арасындағы қатынастарды реттеу болып табылады.

3-1-бап. Мақта саласын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары мен қағидаттары

2-тарау 3-1-баппен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта саласын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:

- 1) отандық мақта саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 2) қатысушыларының кірістілігін арттыруды және осы нарықтың инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз ететін, тиімді жұмыс істейтін мақта нарығын қалыптастыру;
- 3) мақта нарығына қатысушыларды мемлекеттік қолдау;
- 4) қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және мақта саласына салынатын инвестициялар көлемін арттыру;
- 5) мақта саласында ғылым мен инновациялық қызметті дамыту, мақта нарығы үшін кадрларды оқыту, даярлау және қайта даярлау жүйесін жетілдіру;
- 6) мақта нарығына отандық қатысушылардың экономикалық мүдделерін ішкі және сыртқы нарықтарда қорғау болып табылады.

2. Мақта саласын мемлекеттік реттеу мынадай:

- 1) мақта нарығына қатысушыларды мемлекеттік қолдаудың ашықтығы, қолжетімділігі және оның атаулылығы;
- 2) өткізілетін іс-шаралардың экологиялық қауіпсіздігі;
- 3) мемлекеттік реттеу шараларының дәйектілігі мен тиімділігі;
- 4) Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, сондай-ақ мақта нарығына қатысушылардың одақтарымен (қауымдастықтарымен) өзара іс-қимыл жасау қағидаттарына негізделеді.

4-бап. Мақта саласын мемлекеттік реттеудің нысандары

Мақта саласын мемлекеттік реттеу:

- 1) мақта саласын дамытуды мемлекеттік қолдау;

- 2) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесін дамыту;
- 3) кластерлік даму қағидаттарын ескере отырып, мақта саласының тоқыма және тамақ өнеркәсібімен интеграциялануын ынталандыру;
3-тармақша өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 4) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;
4-тармақша өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)
4-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 4-1) мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін мемлекеттік бақылау;
4-бап 4-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 5) техникалық реттеу;
- 6) сараптама ұйымын айқындау, сондай-ақ оның мақта талшығының сапасына сараптама жасау ережесін сақтауын бақылау;
- 7) мақта нарығының мониторингі;
- 8) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің мақта егілетін аймақтарда мамандандырылған ауыспалы мақта егістерін сақтауының мониторингі;
- 9) мақта саласын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді шығару арқылы жүзеге асырылады.

5-бап. Мақта саласын дамытуды мемлекеттік қолдау

5-бап өзгертілді ҚР 11.12.2009 жылғы №229-IV Заңымен (17.07.2009 ж. редакцияны қараңыз)

Мақта саласын дамытуды мемлекеттік қолдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) инвестициялық, салықтық, бюджеттік және кедендік ынталандыру саясатын қалыптастыру және іске асыру;
- 2) бюджет қаражаты есебінен мынадай іс-шараларды ұйымдастыру:
2-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

тұқымдық мақсаттар үшін пайдаланылатын мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру;

мақтаны өндіру, сақтау және өңдеу, селекция және тұқым шаруашылығы, топырақтың құнарлылығын сақтау және арттыру саласындағы ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды жүргізу;

шитті мақта өндірудің ғылыми негізделген технологиялары мен мамандандырылған ауыспалы мақта егісін енгізу;

мелиоративтік және ирригациялық жұмыстарды жүргізу;

ауыл шаруашылығы ақылдары зиянкестерінің, ауруларының, карантиндік арамшөптердің пайда болуын, көбеюін және таралуын жүйелі түрде бақылау мен есепке алуды жүргізу және оларға қарсы күресте инновациялық биологиялық және басқа да әдістерді енгізу;

мақта саласы мен тоқыма өнеркәсібі үшін мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес мамандар даярлау;

мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиялау;

3) мақта өндірушілер мен мақта өңдеу ұйымдарына техника мен құрал-жабдықтарды лизингтік беруді жүзеге асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға қаражат бөлу;

4) шитті мақта өндірушілерге мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарынан тұқымдық несие беру;

5) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

5-тармақша алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

6) тұқым шаруашылығын дамыту, оның ішінде бірегей мақта тұқымын өндіруге жұмсалған шығынды өтеу, отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне сатылған мақтаның элиталық тұқымдарының, бірінші және екінші көбейтілген тұқымдарының құнын арзандатуды қамтамасыз ету, мақта тұқымдарының сорттық және егістік сапасын айқындау;

7) мақта нарығына қатысушыларды кредиттеу жүйесін ұйымдастыру;

7-1) мақта нарығына қатысушылардың тәуекелдерін сақтандыру жүйесін ұйымдастыру және дамыту;

5-бап 7-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) Қазақстан Республикасының өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес мақта егістерін сақтандыру;

9) су ресурстарын ұтымды пайдалануға, су үнемдейтін технологиялар енгізуге, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) құрылуына және қалыптасуына жәрдемдесу.

9-тармақша өзгертілді ҚР 29.10.2015 жылғы № 373-V Заңымен (02.08.2015 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.01.2016 жылдан бастап)

5-1-бап. Мақта нарығына қатысушыларды ақпараттық қамтамасыз ету

2-тарау 5-1-баппен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Уәкілетті орган және мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары өздерінің интернет-ресурстарында мақта нарығына қатысушылардың мүдделерін қозғайтын ақпарат пен материалдарды қазақ және орыс тілдерінде уақтылы әрі тұрақты түрде орналастырады және жаңартып отырады.

2. Интернет-ресурстарда міндетті түрде орналастырылуға және жаңартылуға жататын ақпаратқа:

- 1) мақта саласының дамуын мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру тәртібін белгілейтін нормативтік-құқықтық актілер;
 - 2) кедендік баждардың мөлшерлері, тарифтік квоталардың көлемдері және оларды қолдану тәртібі, мақта импорты мен экспортының көлемдері;
 - 3) Қазақстан Республикасында мақта өндірісінің болжамы мен нақты көрсеткіштері;
 - 4) уәкілетті орган және мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары белгілеген өзге де ақпарат жатады.
3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген ақпарат тегін және оған қол жеткізу тең шарттармен беріледі.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

6-бап өзгертілді ҚР 11.12.2009 жылғы №229-IV Заңымен (17.07.2009 ж. редакцияны қараңыз)
6-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)
6-бап өзгертілді ҚР 10.07.2012 жылғы №36- V Заңымен (15.07.2011 ж. редакцияны қараңыз))

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

- 1) мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оны жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық және тактикалық шараларды әзірлеу;
- 2) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
2-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 3) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
3-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 3-1) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
3-1-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 4) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
4-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 5) сараптама ұйымын айқындау;
- 6) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
6-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
- 7) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)
7-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен

соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) мақта саласын дамыту мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

9) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

9-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

10) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

7-бап өзгертілді ҚР 17.07.2011 жылғы №188-IV Заңымен (21.07.2007 ж. редакцияны қараңыз)

7-бап өзгертілді ҚР 11.12.2009 жылғы №229-IV Заңымен (17.07.2009 ж. редакцияны қараңыз)

7-бап өзгертілді ҚР 06.11.2011 жылғы №378-IV Заңымен (30.06.2010 ж. редакцияны қараңыз)

7-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

7-бап өзгертілді ҚР 10.07.2012 жылғы №36- V Заңымен (15.07.2011 ж. редакцияны қараңыз))

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруды қамтамасыз ету;

1-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1-1) мақта саласын дамыту аясында жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді және оларға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

7-бап 1-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1-1-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1-2) мақта нарығына қатысушылардың қызметін үйлестіру мен реттеу;

7-бап 1-2-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

2-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3) мақта нарығына мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

3-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4) мақта қолхатының нысаны (үлгісі) мен сипаттамасын әзірлеп, бекіту;

5) мыналарға:

5-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке;

сараптама ұйымына қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

6) мыналарды:

6-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру қағидаларын;

шитті мақтаның сапасы туралы куәлік нысанын (үлгісін);

мақта талшығының сапа паспортының нысанын (үлгісін) әзірлеу және бекіту;

7) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

7-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

8-тармақша алынып тасталды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

9) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

9-тармақша алынып тасталды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

10) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

10-тармақша алынып тасталды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

11) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

11-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

12) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

12-тармақша алынып тасталды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

13) Тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

13-тармақша алынып тасталды ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж.

редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14) техникалық регламенттерді әзірлеу, стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды жаңарту және оларды біріздендіру туралы ұсыныстарды дайындап, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен енгізу;

14-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

15) мақта саласындағы мемлекеттік инспектор туралы ережені әзірлеп, бекіту;

15-тармақша өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

16) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын сақтау мәселелері бойынша есеп жүргізу құжаттарының тізбесі мен нысандарын, есеп беру мерзімдерін әзірлеу;

17) сақтау және өңдеу шарттарының үлгілік нысандарын әзірлеу және бекіту;

17-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

18) мыналарды:

18-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

18-тармақша өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын;

мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының қызметі мен олардың таратылу қағидаларын;

мақта өңдеу ұйымдарының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу қағидаларын;

мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының кепілдіктерін алу қағидаларын;

мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорларының міндеттемелерін өтеу қағидаларын;

мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, сондай-ақ шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиялау қағидаларын;

мақтаны сандық-сапалық есепке алуды жүргізу қағидаларын;

мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану

қағидаларын;

шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеудің технологиялық процесін ұйымдастыру қағидаларын;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, оларды жою және өтеу қағидаларын;

мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

19-тармақша өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

19-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

20) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

20-тармақша алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

21) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

21-тармақша алынып тасталды ҚР 29.12.2014 жылғы № 269-V Заңымен (29.09.2014 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.01.2015 жылдан бастап)

21-1) мақта саласын дамыту жөніндегі техникалық регламенттерді әзірлеу және бекіту;

7-бап 21-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

22) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

8-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

8-бап өзгертілді ҚР 11.12.2009 жылғы №229-IV Заңымен (17.07.2009 ж. редакцияны қараңыз)

8-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

8-бап өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:

1) мақта саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) мақта қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

3) уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес мақта нарығының мониторингін жүргізу;

3-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мақта егілетін аймақтарда мамандандырылған ауыспалы мақта егістерін сақтауына мониторинг жүргізу;

4-1) мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субсидиялауды жүзеге асыру;

8-бап 4-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

5) мақта өңдеу ұйымдарын:

мақта иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында мақта өңдеу ұйымын біліктілік талаптарына сәйкес келуі және бекітілген кестелер негізінде шитті мақтаның жаңа өнімін қабылдауға дайындығы тұрғысынан жыл сайын жоспарлы тексеруді;

мақта өңдеу ұйымдарын тексеру актілерін ресімдеуді қамтитын лицензиялық бақылау;

6) уәкілетті органға стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды, мақта саласын дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

6-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

6-1) сотқа мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу, мерзімінен бұрын аяқтау және оның мерзімін ұзарту туралы арыз беру;

8-бап 6-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

6-1-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыруға бастама жасау;

7-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) шитті мақта мен мақта талшығының сапасына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

8-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8-1) мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жанар-жағармай материалдарына қажеттіліктерін уақтылы қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану;

8-бап 8-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

9) мыналарды:

9-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

мақтаның қауіпсіздігі мен сапасын;

аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтарының) қызметін;

сараптама ұйымының қызметін;

сараптама ұйымының мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын сақтауын бақылау;

10) мақта өңдеу ұйымдарының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүзеге асыру;

11) анықталған Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасын бұзушылықтарды ұйғарымда белгіленген мерзімде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша ұйғарымдар беру;

12) сотқа мақта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы қуыным беру;

13) осы Заңның 32-бабының 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде мақтаны беруге уақытша тыйым салу;

14) мақта өңдеу ұйымдарының:

14-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу;

мақта тұқымының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану;

мақта қолхаттарын беру, олардың айналысы, күшін жою және өтеу қағидаларын сақтауын бақылау;

14-1) тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын бекіту;

8-бап 14-1-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-2) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

8-бап 14-2-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-2-тармақша алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-3) мақта тұқымдарының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды қамтамасыз ету және басқару әрі олардың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;

8-бап 14-3-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-4) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

8-бап 14-4-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-4-тармақша алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

14-5) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

8-бап 14-5-тармақшамен толықтырылды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды
14-5-тармақша алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

15) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

3-тарау. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау

3-тараудың тақырыбы өзгертілді ҚР 17.07.2011 жылғы №188-IV Заңымен (21.07.2007 ж. редакцияны қараңыз)

9-бап. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау

9-бап өзгертілді ҚР 17.07.2011 жылғы №188-IV Заңымен (21.07.2007 ж. редакцияны қараңыз)

9-бап өзгертілді ҚР 06.11.2011 жылғы №378-IV Заңымен (30.06.2010 ж. редакцияны қараңыз)

1. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады және ол Қазақстан Республикасы заңнамасының мақтаның қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

1-тармақ өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2. Мақтаның қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруге байланысты тәуекелге жол бермеу мақсатында жүзеге асырылады.

3. Мақтаның сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) мақта нарығына қатысушылардың ресми өтініштері (шағымдары) негізінде мақта иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында мақтаны сатып алуды, дайындауды, өңдеуді, сондай-ақ оны беруді жүзеге асыру кезінде оның сапа көрсеткіштерін айқындауға бақылауды;

1-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2) мақта нарығына қатысушылардың ресми өтініштері (шағымдары) негізінде, мақта иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында сақтаудағы және қайта өңдеудегі мақтаның сандық-сапалық жай-күйін бақылауды қамтиды.

4. Мақтаның қауіпсіздігі мен сапасы саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысанда жүзеге асырылады.

5. Тексеру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

5-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 29.10.2015 жылғы № 376-V Заңына сәйкес (02.08.2015 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.01.2016 жылдан бастап)

10-бап. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасау

1. Шитті мақтаның сапасына сараптама жасауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген сынақ зертханалары (орталықтары) жүзеге асырады.
1-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Мақта иесі мен мақта дайындау және (немесе) мақта өңдеу ұйымдарының арасында шитті мақтаның сапасын айқындау бойынша келіспеушіліктер туындаған кезде тиісті сынақ зертханасы (орталық) берген шитті мақтаның сапасы туралы куәлік шитті мақтаның сапасын растайтын құжат болып табылады.

2. Мақта нарығына қатысушы шитті мақтаның сапасына сараптама жасау үшін аккредиттелген сынақ зертханасына (орталығына) шарт негізінде өтініш жасауға құқылы.

3. Мақта нарығына қатысушылардың мүдделерін қорғау мақсатында аккредиттелген сынақ зертханаларының (орталықтарының) шитті мақтаның сапасына сараптама жүргізу және шитті мақтаның сапасы туралы куәлік беру тәртібін сақтауы жөніндегі қызметін бақылауды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп жүзеге асырады.

3-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

11-бап. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау

1. Мақта талшығының сапасына сараптама жасау міндетті б олып табылады және ол мақта талшығының әрбір бумасы бойынша (бума бойынша) жүзеге асырылады.

2. Мақта талшығының сапасына сараптама жасауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын сараптама ұйымы осы Заңның 7-бабының 5) тармақшасына сай бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

2-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Мақта талшығының иесі қажет болған жағдайда өз қаражаты есебінен өзге сараптама ұйымында мақта талшығының сапасына қайта сараптама жасауды жүзеге асыруға құқылы.

3. Мақта талшығының сапасына сараптама жүргізу және мақта талшығының сапа паспортын беру қағидаларын сараптама ұйымының сақтауын бақылауды жыл сайын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады.

3-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4. Мақта талшығының сапа паспортынсыз мақта талшығын сатуға жол берілмейді.

4-тарау. Мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметі

4-тараудың тақырыбы өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен

12-бап. Мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің құқықтары мен міндеттері

1. Мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері:

- 1) Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес берілген жер учаскелерінде шитті мақта өсіруге;
- 2) өзіне тиесілі мақтаға өз қалауы бойынша иелік етуге, оны пайдалануға және оған билік етуге;
- 3) мақта саласын дамытуға мемлекеттік қолдау алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарға ие болуға құқылы.

2. Мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері:

- 1) мақта өндіруді ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің құнарлылығын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ мұндай қызметтің қоршаған ортаға жағымсыз әсерін болдырмайтын немесе шектейтін тәсілдермен жүзеге асыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

12-1-бап. Мақта дайындау ұйымы

4-тарау 12-1-баппен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта дайындау ұйымы нормативтік-құқықтық актілерде, техникалық регламенттерде және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес шитті мақта сатып алуды және дайындауды жүзеге асырады.

2. Мақтау дайындау ұйымының: қоршалған мақта қабылдау пункті;

шитті мақтаны текшелеп жинауға және сақтауға арналған ашық (жабық) алаңы;

таразы жабдығы;

желдеткіш жабдығы;

шитті мақтаның сынамасын іріктеуге және сапасын айқындауға арналған зертхана жабдығы;

тиеу-түсіру механизмдері;

өрт сөндіру құралдары болуға тиіс.

3. Мақта дайындау ұйымы уәкілетті орган бекітетін мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттардың есепке алынуы мен сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Мақта дайындау ұйымы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының жазбаша сұрау салуы бойынша мақта нарығына мониторинг жүргізу үшін қажетті өзінің қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті.

5. Мақта дайындау ұйымы мақта қолхаттарын беруге құқылы емес.

12-2-бап. Мақта саласындағы кооперациялау

4-тарау 12-2-баппен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта шаруашылығын дамыту, мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарымен бірлескен іс-қимылдарды қамтамасыз ету мақсатында мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенде қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларды құра алады.

2. Мақта өндірумен айналысатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдауға арналған субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің өз таңдауы бойынша тікелей өздеріне не өздері құрған заңды тұлғалар арқылы төленеді.

13-бап. Мақта өңдеу ұйымы

13-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

1. Мақта өңдеу ұйымы лицензияның негізінде мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтерді көрсетеді.

1-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясы жоқ заңды тұлғаның (мақта дайындау ұйымын қоспағанда) өз атауында, тауар белгілерінде, құжаттарында, хабарландырулар мен жарнамасында «мақта өңдеу ұйымы», «мақта тазалау зауыты», «мақта қабылдау пункті» деген сөздерді немесе олардан туындайтын сөздерді пайдалануға құқығы жоқ.

2. Мақта өңдеу ұйымы ортақ пайдаланудағы тауар қоймасы деп танылады.

3. Мақта өңдеу ұйымында:

1) мақта тазалау зауытында:

кемінде бір мақта қабылдау пункті;

шитті мақтаны талшықты мақта етіп бастапқы өңдеу жөніндегі технологиялық операцияларды жүзеге асыруға арналған жабдық;

таразы жабдығы;

желдеткіш жабдығы;

тиеу-түсіру тетіктері;

өрт сөндіру құралдары;

мақтаның сапасын айқындауға арналған өндірістік-технологиялық зертхана;

мақта сақтауға арнайы бөлінген орын;

2) мақта тазалау зауыты тұрған жерден тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінде:

шитті мақтаны текшелеуге және сақтауға арналған ашық (жабық) алаң;

таразы жабдығы;

желдеткіш жабдығы;

шитті мақтаның сынамасын іріктеуге және сапасын анықтауға арналған зертхана жабдығы;

тиеу-түсіру тетіктері;

өрт сөндіру құралдары болуға тиіс.

Мақта тазалау зауытының, сондай-ақ мақта тазалау зауыты орналасқан жерден тыс тұрған мақта қабылдау пунктінің аумағы қоршалуға тиіс.

4. Мақта өңдеу ұйымы:

1) мақтаны қабылдау және сақтау шарттарын орындауға және стандарттау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерде, техникалық регламенттерде және нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті қамтамасыз етуге;

2) сақтауға және (немесе) өңдеуге қабылданған мақтаның мөлшерлік және сапалық сақталуын берілген мақта қолхаттарына сәйкес қамтамасыз етуге;

3) көрсетілген қызметтер үшін берешегі болмаған кезде сақтау және (немесе) өңдеу шартының талаптарына сәйкес мақта қолхатын ұстаушының талабы бойынша мақта қолхатының орнына сақтаудағы мақтаны беруге;

4) мақта иесінің талабы бойынша мақтаның сапасын тексеру үшін мақта сынамасын іріктеуді қамтамасыз етуге;

5) мақта иелері алдындағы сақтау шартында және (немесе) өңдеу шартында көзделген міндеттеме лерін орындауға міндетті.

14-бап. Мақта өңдеу ұйымының қызметтеріне ақы төлеу

Мақта өңдеу ұйымының қызметтеріне ақы төлеу сақтау шартына және (немесе) өңдеу шартына сәйкес ақшалай не мақта иесінің мақта қолхатында индоссамент жасай отырып, тиісті мақта мөлшерін мақта өңдеу ұйымына беру арқылы жүргізіледі.

15-бап. Мақта өңдеу ұйымының қызметін шектеу

15-бап өзгертілді ҚР 30.06.2010 жылғы №297-IV Заңымен (19.03.2010 ж. редакцияны қараңыз)

15-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

1. Тармақ алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

1-тармақ алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

2. Негізгі құрал-жабдықтарсыз мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру мүлде мүмкін болмайтын не қызмет айтарлықтай нашарлайтын жағдайда, мақта өңдеу ұйымының оларды иеліктен шығаруына, сондай-ақ кепілдіктер беруіне және (немесе) өз мүлкін үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілге қоюына тыйым салынады.

2-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

3. Сақтауға және (немесе) өңдеуге тапсырылған мақтаға мақта өңдеу ұйымдарының билік

етуіне тыйым салынады.

16-бап. Мақта өңдеу ұйымының есебі және есептілігі

16-бап өзгертілді ҚР 19.03.2010 жылғы №258-IV Заңымен (11.12.2009 ж. редакцияны қараңыз)

1. Мақта өңдеу ұйымы өзінің мақтаға қатысты жасаған операцияларын көрсететін құжаттардың есебін қатаң жүргізуге және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Есепке алу құжаттарының тізбесі мен нысандарын, мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету, мақта нарығының мониторингін жүргізу жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды сақтау мәселелері бойынша есептілікті ұсыну мерзімдерін уәкілетті орган бекітеді.

2-тармақ өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

2-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2-1. Ведомстволық статистикалық байқауларды уәкілетті орган мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган бекіткен статистикалық әдіснамаға сәйкес жүргізеді.

3. Сақталуға тиісті құжаттардың тізбесі, оларды сақтау мерзімдері мақтаның сандық-сапалық есебін жүргізу қағидаларында белгіленеді.

3-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3-1. Мақта өңдеу ұйымы мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге байланысты операциялардың және мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсетуге байланысты емес операциялардың жеке-жеке есебін жүргізуді қамтамасыз етуге міндетті.

16-бап 3-1-тармақпен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4. Мақта өңдеу ұйымы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының жазбаша сауал салуы бойынша өз қызметіне байланысты мақта нарығының мониторингін жүргізу үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті.

4-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

17-бап. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесі

17-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта өңдеу ұйымы мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысу арқылы мақта қолхаттарын ұстаушылардың алдындағы өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысуы мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорымен жасалатын қатысу шарты негізінде жүзеге асырылады.

3. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорлары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қатысушыларының міндеттемелері бойынша

субсидиарлық жауаптылықта болады.

4. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өңдеу ұйымы сақтауға қабылдаған шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісі басталған кезде мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры осы мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттарын ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін сапасы бойынша жойылған немесе нашарлаған шитті мақтаның және (немесе) мақта талшығының өтеу кезінде қалыптасқан нарықтық құнының кемінде сексен пайызы мөлшерінде ақшамен өтеуді жүргізеді.

Шитті мақта және (немесе) мақта талшығы сапасының жойылу немесе нашарлау фактісін анықтау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өңдеу ұйымының мақта қолхатын ұстаушы алдындағы міндеттемелерін өтеуді жүзеге асырған мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорына ол төлеген сома шегінде мақта қолхатын ұстаушының осы мақта өңдеу ұйымына қоятын талап ету құқығы өтеді.

Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өңдеу ұйымдары мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру мақсатында мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорына мақта қолхаттарының тізілімін ұсынуға міндетті.

5. Мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру жүйесіне қатысушы мақта өңдеу ұйымдары өз мүлкін және өзге де мүліктік мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақтандыра (өзара сақтандыра) алады.

18-бап. Мақта өңдеу ұйымының аудиті

1. Мақта өңдеу ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті.

2. Егер мақта өңдеу ұйымы аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

3. Мақта өңдеу ұйымының ішкі аудит қызметінің аудитті жүзеге асыруы оны аудит жүргізу міндетінен босатпайды.

19-бап. Мақта өңдеу ұйымының мүлкін иеліктен шығару (сатып алу) ерекшеліктері

1. Мақта тазалау зауыты бөлінбейтін мүлік болып табылады және:

1) мақта тазалау зауыты тұрған орыннан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктін иеліктен шығарған (сатып алған);

2) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті тоқтатқ ан және мақта саласындағы мемлекеттік инспектор растаған мақта қолхаттарын ұстаушылардың алдында орындалмаған міндеттемелері болмаған;

2-тармақша өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3) мақта өңдеу ұйымын таратқан кезде мүлікті өткізу жағдайларын қоспағанда, бөлінбейтін мүлік ретінде иеліктен шығарылады (сатып алынады).

2. Мақта өңдеу ұйымы мақта тазалау зауытын немесе мақта тазалау зауытынан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктін иеліктен шығарғанға дейін екі айдан кешіктірмейтін мерзімде өзіне белгілі мақта қолхаттарын ұстаушыларды мүлікті иеліктен шығару жөнінде жазбаша хабардар етуге, сондай-ақ республикалық мерзімді баспа басылымдарында

мемлекеттік және орыс тілдерінде тиісті хабарландыру беруге міндетті.

3. Мақта өңдеу ұйымы осы баптың 1 және 2-тармақтарын бұза отырып, жасаған мақта тазалау зауытын немесе мақта тазалау зауытынан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктін өткізу жөніндегі мәмілелерді сот мақта қолхаттарын ұстаушылар мен өзге де мүдделі тұлғалардың талап-арызы бойынша жарамсыз деп тануы мүмкін.

4. Мақта тазалау зауытының (мақта тазалау зауыты тұрған орыннан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінің) бұрынғы меншік иесі берген мақта қолхаттарынан туындайтын міндеттемелерді орындау мүлкті қабылдау-беру жөніндегі комиссия жасаған және мақта саласындағы мемлекеттік инспектор бекіткен қалдық мақтаны түгендеу актісімен белгіленген мөлшерде мақта тазалау зауытын (мақта тазалау зауыты тұрған орыннан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктін) сатып алушыға немесе мұндай мүлкті соттың немесе төрелік шешімнің шешімін орындау тәртібімен алған тұлғаға жүктеледі.

4-тармақ өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4-тармақтың бірінші бөлігі өзгертілді ҚР 08.04.2016 жылғы № 489-V Заңымен (29.10.2015 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 09.04.2016 жылы № 67 (28795) „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Егер қалдық мақтаны түгендеу актісі жасалмаған жағдайда, мүлктің бұрынғы меншік иесі мақта өңдеу ұйымы берген барлық мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау:

1) мақта тазалау зауытын иеліктен шығару кезінде осы мақта тазалау зауытының жаңа иесіне жүктеледі;

2) мақта тазалау зауыты тұрған орыннан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктін иеліктен шығарған кезде осы мақта қабылдау пунктінің бұрынғы меншік иесі жүзеге асырады.

5. Мақта тазалау зауытының және (немесе) мақта тазалау зауытынан тыс орналасқан мақта қабылдау пунктінің жаңа меншік иесі қалдық мақтаны түгендеу актісі бойынша қабылданған мақтаны өңдеуді және сақтауды бұрынғы меншік иесі мен мақта иесінің арасында бұрын жасалған өңдеу шарты жағдайында, мұндай шарттың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырады.

6. Нарықта үстем жағдайға ие нарық субъектісі болып табылатын мақта өңдеу ұйымының мүлкін иеліктен шығару, сондай-ақ нарықта үстем жағдайға ие тұлғаның мақта өңдеу ұйымының мүлкін сатып алуы Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады.

6-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 29.10.2015 жылғы № 376-V Заңына сәйкес (02.08.2015 ж. редакцияны қараңыз) (өзгерту қолданысқа енгізіледі 01.01.2016 жылдан бастап)

5-тарау. Мақта қолхаты

20-бап. Мақта қолхаты

1. Мақта өңдеу ұйымы мақта қолхатын мақтаны қабылдап алғанын растау үшін сақтау шарты және (немесе) өңдеу шарты негізінде береді.

2. Мақта қолхаты екі бөліктен: қажет болған кезде бір-бірінен бөлінуі мүмкін қойма куәлігінен және кепіл куәлігінен тұрады. Мақта қолхаты және оның бөліктерінің әрқайсысы эмиссиялық емес ордерлік бағалы қағаздар болып табылады.

3. Мақта қолхатының әрбір бөлігі мынадай міндетті деректемелерді:

1) лицензиар беретін мақта өңдеу ұйымының кодын;

2) мақта қолхаттарының тізілімі бойынша мақта қолхатының ағымдағы нөмірін;

3) мақта қолхаты бланкісінің сериясы мен нөмірін;

4) мақтаны қабылдап алған мақта өңдеу ұйымының атауын, орналасқан жерін және бизнес-сәйкестендіру нөмірін

3-тармақ 4-тармақша өзгертілді ҚР 24.12.2012 жылғы № 60-V Заңымен (10.07.2012 ж. редакцияны қараңыз)

5) мақта иесі туралы деректерді: жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауын; жеке тұлғаның тұрғылықты жерін немесе заңды тұлғаның орналасқан жерін; жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін немесе заңды тұлғаның тіркеу нөмірін; мақта иесінің бизнес-сәйкестендіру нөмірін (ол болған кезде), салық төлеушінің тіркеу нөмірін;

3-тармақ 5-тармақша өзгертілді ҚР 24.12.2012 жылғы № 60-V Заңымен (10.07.2012 ж. редакцияны қараңыз)

5-1) мақта иесі туралы деректерді: жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауын; жеке тұлғаның тұрғылықты жерін немесе заңды тұлғаның орналасқан жерін; сәйкестендіру нөмірін;

3-тармақ 5-1-тармақша өзгертілді ҚР 24.12.2012 жылғы № 60-V Заңымен (10.07.2012 ж. редакцияны қараңыз)

6) тұқымның сорттық және егістік сапасын куәландыратын құжаттың деректемелерін;

7) мақтаның сапалық-мөлшерлік көрсеткіштерін;

8) мақта сақтау орнын: мақта тазалау зауыты орналасқан жерді және (немесе) мақта тазалау зауыты орналасқан жерден тыс тұрған мақта қабылдау пунктінің орналасқан жерін;

9) шитті мақтаны сақтау және (немесе) өңдеу мерзімін; мақта тұқымын және мақта талшығын сақтау мерзімін;

10) сақтау шартының және (немесе) өңдеу шартының деректемелерін (нөмірі мен жасалған күнін);

11) мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорына қатысуы туралы белгіні;

12) мақта қолхаты берілген күнді;

13) уәкілетті адамның қолын және мақта өңдеу ұйымының мөрін;

14) мақта қолхатының тиісті бөлігінің атауын;

15) сақтағаны үшін ақы төлегені туралы белгіні қамтуға тиіс.

4. Осы баптың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін құжат мақта қолхаты болып табылмайды.

5. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлген кезде қойма куәлігінде мынадай ақпарат бар белгі жасалады:

1) жеке тұлғаға қатысты - индоссаттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) және тұрғылықты жері; заңды тұлғаға қатысты - индоссаттың атауы және орналасқан жері;

2) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің, ол бойынша сыйақы ставкасын қоса алғанда, мәні, мөлшері, міндеттемені орындау мерзімі;

3) индоссаттың қолы;

4) кепіл куәлігінің бөлінген күні.

6. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлген кезде кепіл куәлігінде мынадай ақпарат бар белгі жасалады:

1) жеке тұлғаға қатысты - индоссанттың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) және тұрғылықты жері; заңды тұлғаға қатысты - индоссанттың атауы және орналасқан жері;

2) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің, ол бойынша сыйақы ставкасын қоса алғанда, мәні, мөлшері, міндеттемені орындау мерзімі;

3) индоссанттың қолы;

4) кепіл куәлігінің бөлінген күні.

7. Мақта өңдеу ұйымдары облыстың жергілікті атқарушы органына мақта қолхаттарына қол қоюға уәкілеттік берілген жеке тұлғалардың тектері, аттары, әкелерінің аттары (олар бар болса) бар карточканы, олардың қолдарының үлгілерін, сондай-ақ мақта қолхатына қойылатын мөр бедерінің үлгісін табыс етуге міндетті.

7-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8. Мақта қолхатындағы қойылған қолдарының, мөр бедерінің облыстың жергілікті атқарушы органына ұсынылатын карточкада көрсетілген қолдарының үлгілері мен мөр бедеріне сәйкес келмеуі осы мақта қолхатын жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

8-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

21-бап. Мақта қолхатын беру тәртібі

21-бап өзгертілді ҚР 11.12.2009 жылғы №229-IV Заңымен (17.07.2009 ж. редакцияны қараңыз)

1. Мақта қолхаты сапасы бойынша біртектес әрбір мақта партиясына беріледі. Тапсырылған мақтаның барлық көлеміне берілетін мақта қолхаттарының санын өзінің өтінімі бойынша мақта иесі айқындайды.

Мақта өңдеу ұйымы мақта қолхатын мақта партиясы түзіліп болғаннан кейін өтініш берген сәттен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмейтін мерзімде береді.

2. Мақта қолхаттары мақта иесіне мақта өңдеу ұйымы хронологиялық тәртіппен жүргізетін мақта қолхаттарының тізіліміне тіркеліп және оның қолы қойылып беріледі.

3. Жаңа мақта қолхаттары мақта қолхаттарын ұстаушылардың талабы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) мақта қолхатында индоссамент жасау үшін бос орын болмаған;

2) мақта қолхаты тозған;

3) мақта қолхаты айырбасталған;

4) мақта қолхаты жоғалған жағдайларда беріледі.

4. Тармақ алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

4-тармақ алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

22-бап. Мақта қолхаты мен оның бөліктері бойынша құқықтарды беру

1. Мақта қолхаты мен оның бөліктері бойынша құқықтар оларда беру жазбаларын - индоссамент жүргізу жолымен беріледі.
2. Бөлінбеген мақта қолхаты бойынша құқықтар беру тек қана қойма куәлігінде индоссамент жүргізу жолымен жүзеге асырылады.
3. Кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлу осы Заңның 20-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес мақта кепілге қойылған кезде жүзеге асырылады.

23-бап. Мақта қолхаты мен оның бөліктерін ұстаушылардың құқықтары

1. Мақта қолхатын ұстаушының мақта өңдеу ұйымының мақта тазалау зауытында (мақта қабылдау пунктінде) сақтаулы мақтаға толық көлемде билік етуге құқығы бар.
2. Кепіл туралы мәліметі бар қойма куәлігін ұстаушы мақта қолхатында көрсетілген мақтаға билік етуге құқылы, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кепіл куәлігі бойынша қарызын өтег енге дейін мақтаны беруді талап етуге құқығы жоқ.
3. Кепіл куәлігін ұстаушы:
 - 1) кепіл куәлігін қойма куәлігінен бөлген қойма куәлігін ұстаушыдан кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттеменің орындалуын талап етуге;
 - 2) кепіл куәлігін және ол бойынша құқықтарды үшінші тұлғаларға беруге;
 - 3) кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттеме орындалмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кепілге қойылған затты өндіріп алуға құқылы.

24-бап. Мақтаны беру

1. Мақтаны беру мақта қолхатын ұстаушының талабы бойынша өтелуге жататын қойма және кепіл куәліктерінің түпнұсқасына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

Осы Заңның 26-бабына сәйкес сатылған мақтаны беру оны сатып алушының талабы бойынша сауда-саттық нәтижелері туралы құжатқа айырбастау арқылы жүзеге асырылады.
2. Мақта қолхатын ұстаушы мақтаны бөліп-бөліп беруді талап етуге құқылы. Бұл ретте оған бастапқы мақта қолхатының орнына мақтаның қалған көлеміне жаңа мақта қолхаты беріледі.
3. Мақтаны талап ету үшін мақта қолхатын ұстаушы өзі келуге немесе сенімхатқа, Қазақстан Республикасының заңнамасына, сот шешіміне не әкімшілік актіге негізделген өкілеттігіне орай іс-әрекет жасайтын уәкілетті өкілін жіберуге міндетті.
4. Кепіл туралы мәліметтері бар қойма куәлігін ұстаушының талабы бойынша мақтаны беру уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады

25-бап. Кепіл куәлігі бойынша құқықтарды жүзеге асыру тәртібі

1. Кепіл куәлігін ұстаушы кепіл куәлігінде көрсетілген мақтаны кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеме орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда ғана өндіріп алуға құқылы.
2. Кепіл куәлігімен қамтамасыз етілген міндеттеме мерзімінен бұрын орындалған жағдайда кепіл куәлігін ұстаушы кепіл куәлігін кепілдің тоқтатылуы туралы белгімен белгілі қойма куәлігін ұстаушыға не мақта өңдеу ұйымына өтеу үшін қайтарып беруге міндетті.

3. Егер өндіріп алу сәтіне қойма куәлігін ұстаушы мақтаны талап етсе, мақта өңдеу ұйымы кепіл куәлігін ұстаушыға кепіл куәлігінде көрсетілген міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжатты ұсынады.

Кепіл куәлігінде көрсетілген міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжат бойынша талаптарды қанағаттандырғаннан кейін кепіл куәлігін ұстаушы кепілдің тоқтатылуы туралы белгі қойып, кепіл куәлігін өтеу үшін қайтарып береді.

26-бап. Кепілге қойылған мақтаны сату

1. Кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда кепілге қойылған мақтаны сатуды кепіл куәлігін ұстаушының сенім білдірген адамы жүзеге асырады.

Кепіл куәлігін ұстаушының сенім білдірген адамы кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемелердің орындалмағаны туралы кепіл берушіні жазбаша хабардар етеді, сонымен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында сауда-саттықтың өткізілетін уақыты, өтетін орны, сауда-саттық нысанасы, оларды өткізу тәртібі, сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу туралы және кепілдікке салынған мақтаның бастапқы бағасы туралы мәліметтерді қоса алғанда, сауда-саттық өткізу туралы хабарландыру жариялайды.

Сауда-саттық бұқаралық ақпарат құралдарында сауда-саттық өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап кемінде күнтізбелік он төрт күн өткеннен кейін өткізіледі.

2. Мақтаны сатудан түскен сома мынадай реттілікпен бөлінеді: ең алдымен сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге байланысты шығыстар жабылады, содан кейін мақта өңдеу ұйымына мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі жөніндегі қызметтері үшін сыйақы төленеді, бұдан соң кепіл куәлігін ұстаушының талаптары қанағаттандырылады, ал қалған бөлігі қойма куәлігін ұстаушыға қойма куәлігі түпнұсқасының орнына қайтарылып беріледі.

2-тармақша өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

3. Әрбір кезектің талаптары алдыңғы кезектің талаптары толығымен қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

27-бап. Мақта қолхатын немесе оның бөліктерін жоғалту

1. Мақта қолхатын немесе оның бөліктерін (қойма немесе кепіл куәлігін) жоғалтқан жағдайда мақта қолхатын немесе тиісті куәлікті жоғалтқан адам бұл туралы мақта өңдеу ұйымын жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндетті.

Кепіл туралы мәліметі бар қойма куәлігін жоғалтқан жағдайда, қойма куәлігін жоғалтқан адам бұл туралы қойма куәлігінде көрсетілген қойма куәлігін ұстаушыға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті.

2. Жоғалған мақта қолхаты немесе оның бөліктері (қойма немесе кепіл куәлігі) бойынша құқықтарды қайта қалпына келтіруді сот жүргізеді.

6-тарау. Мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін мемлекеттік бақылау

6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

28-бап. Мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін инспекциялау (тексеру)

28-бап өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан,, Республикалық газетінде жарияланды

28-бап өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң

қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

28-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта нарығын реттеу және мақта нарығына қатысушылардың ресми өтініштері (шағымдары) негізінде мақта иелерінің мүдделерін қорғау мақсатында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы өзі дербес және (немесе) тиісті мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, сондай-ақ мақта саласындағы мемлекеттік инспектор мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуы тұрғысынан инспекциялауды (тексеруді) жүргізеді.

2. Мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдары осы баптың 1-тармағында тізбеленген тұлғаларға инспекциялау (тексеру) жөніндегі тапсырмада көрсетілген мәселелер бойынша жәрдем көрсетуге, мақта тазалау зауытының және мақта қабылдау пункттерінің аумағындағы барлық өндірістік объектілерге, сондай-ақ инспекциялау (тексеру) жүргізу үшін қажетті ақпаратты қамтитын барлық дереккөздерге қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

3. Мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүзеге асыратын лауазымды адамдар мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарының қызметін инспекциялау (тексеру) барысында алынған, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

29-бап. Мақта саласындағы мемлекеттік инспектор

29-бап өзгертілді ҚР 13.06.2013 жылғы № 102-V Заңымен (24.12.2012 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 14.06.2013 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта саласындағы мемлекеттік инспектор өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде:

1) осы Заңның 9-бабына сәйкес мақтаның қауіпсіздігін және сапасын тексеруді жүзеге асыруға;

2) өндіріс, шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу, шитті мақтаны сақтау объектілеріне кедергісіз (қызметтік куәлігін және құқықтық статистика жөніндегі органда тіркеу туралы белгісі бар тексеріс тағайындау туралы актіні көрсеткен кезде) кіруге, сондай-ақ мемлекеттік бақылауды және мақта нарығы мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты алуға;

3) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның күшін тоқтата тұру және (немесе) одан айыру туралы ұсыныстар енгізуге құқылы.

3-тармақша өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

2. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тиісті лауазымдарына «мақта саласындағы мемлекеттік инспектор» деген қосымша арнаулы атау беруге құқылы.

30-бап. Мақта дайындау және мақта өңдеу ұйымдарына ықпал ету шаралары

30-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

30-бап өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

30-бап жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Инспекциялау (тексеру) нәтижелері бойынша мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымының қызметінде бұзушылықтар анықталған жағдайда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымына мынадай ықпал ету шараларын қолдануға құқылы:

1) Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын нұсқамада белгіленген мерзімдерде жою туралы орындалуы міндетті жазбаша нұсқамалар беру;

2) осы Заңның 32-бабында көзделген негіздер бойынша сотқа мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы арыз беру;

3) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызмет жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыруға бастама жасау.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органында жазбаша нұсқамасы жіберілген мақта дайындау немесе мақта өңдеу ұйымы оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

31-бап. Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, одан айыру
31-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

Мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру, одан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

7-тарау. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару

32-бап. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару

1. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін қалпына келтіруге бағытталған әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдастырушылық-техникалық және басқа да іс-шаралар мен рәсімдер кешенін мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

2. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдау үшін мына негіздердің ең болмағанда біреуі болса жеткілікті:

1) осы Заңның 24-бабында көзделген тәртіппен мақта қолхатын ұстаушының алғашқы талабы бойынша мақтаны беруден бас тартуымен білдірілген шитті мақтаны мақта талшығы етіп бастапқы өңдеу жөніндегі шарттық міндеттемелердің жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет) тиісінше орындалмауы;

2) мақта қолхаттарымен қамтамасыз етілген мақта мөлшерінің сақтаудағы мақтаның нақты мөлшерінен артық болуы фактілерінің анықталуы.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздер бойынша уақытша басқаруды енгізудің шарты осы Заңға сәйкес жүзеге асырылатын мақта өңдеу ұйымының қызметін инспекциялау (тексеру) нәтижесінде жасалатын анықталған бұзушылықтар туралы акті болып табылады.

3-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны

қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы мақта өңдеу ұйымының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүргізу үшін:

1) тексерулер жүргізу кестесі;

2) мақта қолхаттарын ұстаушылардың мақта беруден бас тартудың екі және одан да көп фактілері бойынша ресми өтініштері (шағымдары) негіз болып табылады.

4. Мақта өңдеу ұйымына қатысты сырттай бақылау рәсімі енгізілген жағдайларда уақытша басқару енгізілмейді.

5. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мерзімі алты айдан аспауға тиіс.

6. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды уақытша басқару жөніндегі комиссия мен уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

7. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мақта өңдеу ұйымының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Уақытша басқару кезеңінде заңсыз әрекеттерімен мақта өңдеу ұйымына келтірілген нұқсан үшін уақытша басқару жөніндегі комиссия мүшелері, уақытша әкімшілік мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

33-бап. Бап алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

33-бап алынып тасталды ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

34-бап. Уақытша басқару жөніндегі комиссия

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы уақытша басқару жөніндегі комиссияны уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының, мақта қолхаттарын ұстаушылардың және мақта өңдеу ұйымы қатысу шартын жасасқан мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының өкілдерінен қалыптастырады.

1-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Уақытша басқару жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болуға және жеті адамнан кем болмауға тиіс.

2. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның құзыретіне:

1) уақытша әкімшіліктің құрамын бекіту;

2) уақытша әкімшіліктің қызмет нәтижелері туралы есебін бекіту;

3) уақытша әкімшіліктің қызметін бақылау;

4) уақытша әкімшіліктің құрамы бекітілгенге дейін осы Заңның 35-бабына сәйкес оның функцияларын жүзеге асыру жатады.

3. Соттың уақытша басқаруды енгізу туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уақытша басқару жөніндегі комиссия мақта өңдеу ұйымына қызмет көрсететін банктің атына уақытша басқарудың енгізілгені туралы жазбаша хабарламаны және уақытша әкімшіліктің бекітілген құрамын, сондай-ақ банк операцияларын жасау үшін уақытша әкімшіліктің лауазымды адамдарының қолтаңба үлгілері бар жаңа карточканы жібереді (уақытша әкімшілік тағайындалғанға дейін берілген карточканың күші жойылуға жатады).

3-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның шешімі көпшілік дауыспен қабылданады және уақытша әкімшіліктің орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Уақытша басқару жөніндегі комиссия:

1) уақытша әкімшілікке мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару кезеңіндегі өз қызметінің негізгі бағыттары туралы ұсыныстар беруге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақытша әкімшіліктен өз қызметі және мақта өңдеу ұйымының қызметі туралы ақпарат беруін талап етуге;

3) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын тоқтату не мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мерзімін ұзарту туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

3-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

35-бап. Уақытша әкімшілік

1. Уақытша әкімшілік – мақта қолхаттарын ұстаушылардың, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының, мақта өңдеу ұйымының, мақта өңдеу ұйымы қатысу шартын жасасқан мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының өкілдері кіретін алқалы орган.

1-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Уақытша әкімшілікті уақытша басқару жөніндегі комиссия тағайындайды. Уақытша басқару қолданылған кезеңде уақытша әкімшілік мүшелері бір мезгілде уақытша басқару жөніндегі комиссияның мүшелері бола алмайды.

2. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша әкімшілік құрамына өкілдер сайлау үшін мақта қолхаттарын ұстаушылардың жиналысын өткізуді ұйымдастырады. Бұл ретте уақытша әкімшіліктің құрамына сайлануға осы мақта өңдеу ұйымының мақта тазалау зауытында (мақта қабылдау пунктінде) сақтаулы мақтаның ең көп мөлшері бар мақта қолхаттарын ұстаушылардың артықшылықты құқығы болады.

2-тармақ өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

3. Мақта қолхаттарын ұстаушылардан және (немесе) мақта өңдеу ұйымынан уақытша әкімшіліктің құрамына кандидатуралар ұсынылмаған жағдайда, уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша әкімшілік құрамын дербес бекітуге құқылы, бұл ретте мақта қолхаттарын ұстаушылардың арасынан сақтаулы мақтаның барынша көп мөлшері бар тұлғалардың бірі уақытша әкімшілік мүшесі болып белгіленеді.

4. Шешімдер қабылдау кезінде уақытша әкімшілік мүшелерінің дауыстары:

1) мақта қолхаттарын ұстаушылар - жиырма бес процент;

2) мақта өңдеу ұйымы - жиырма бес процент;

3) уәкілетті орган - жиырма бес процент;

4) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры - жиырма бес процент болып бөлінеді.

5. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару қолданылған кезеңде мақта өңдеу ұйымын басқаруды уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

5-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Уақытша басқару енгізілгеннен кейін мақта өңдеу ұйымының атынан және есебінен барлық мәмілелерді уақытша әкімшіліктің құжаттарға қол қоюға және банк операцияларын жасауға құқығы бар лауазымды адамы уақытша әкімшіліктің қалған мүшелерінің келісімі бойынша жасайды.

Уақытша басқару іс-әрекеті кезеңінде мақта өңдеу ұйымы құрылтайшыларының (акционерлерінің, қатысушыларының) және өзге де басқару органдарының мақта өңдеу ұйымының міндеттерін ұлғайтуға, мақта өңдеу ұйымының мүлкін пайдалануға немесе иеліктен шығаруға қатысты шешімдерін және мақта өңдеу ұйымының берілген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауына ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін өзге де шешімдерді орындау тоқтатылады.

6. Уақытша әкімшілік:

1) осы Заңда айқындалған құзыреті шегінде тиісті актілер қабылдауды қоса алғанда, мақта өңдеу ұйымы қызметінің барлық мәселелері бойынша өз бетінше шешімдер қабылдауға;

2) уақытша басқару кезеңінде мақта қолхаттарынан туындайтын барлық талаптарды оларда көрсетілген мақта көлемінің елу процентке дейінгі мөлшерінде тоқтата тұруға;

3) мақта өңдеу ұйымының қабылданған мақта көлемі бойынша міндеттемелерін қайта қалпына келтіруге бағытталған шарттар жасасып, құжаттарға қол қоюға;

4) мақта өңдеу ұйымының атынан және оның мүддесіне орай, соның ішінде сотта да, өкілдікті жүзеге асыруға;

5) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорына осы Заңның 17-бабының 4-тармағында айқындалған тәртіппен және шарттарда, осы мақта өңдеу ұйымы берген мақта қолхаттарынан туындайтын міндеттемелер бойынша берешекті өтеу туралы мақта қолхаттарын ұстаушылардың атынан талаптар қоюға;

5-тармақша жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

6) мақта өңдеу ұйымының қаржы-шаруашылық қызметін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

7. Уақытша әкімшілік бірінші кезектегі тәртіппен:

1) мақта өңдеу ұйымының қаржылық жай-күйіне мына бағыттар: капиталының бара-барлығы, активтерінің талдамасы, кірістері мен шығыстарының талдамасы бойынша талдау жүргізуге;

2) мақта өңдеу ұйымының мүлкіне және оның міндеттемелеріне түгендеу, сондай-ақ, осы мақта өңдеу ұйымының мақта тазалау зауытында (мақта қабылдау пунктінде) сақталатын мақтаға түгендеу жүргізуге;

3) мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттарын ұстаушылар алдындағы берешегін қоса алғанда, кредиторлық берешегін анықтауға;

4) сотқа талап-арыздар әзірлеу мен ұсынуды қоса алғанда, мерзімі өткен дебиторлық берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қолдануға;

5) мақта өңдеу ұйымының басқару құрылымын және штат санын айқындауға;

6) мақта қолхаттарына қол қоюға уәкілетті адамдардың тегі, аты және әкесінің аты (олар бар болса) бар карточканы, олардың қолдарының үлгілерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына табыс етуге;

6-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

7) тармақша алынып тасталды (ескертуді қараңыз)

7-тармақша алынып тасталды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8) уақытша басқару жөніндегі комиссияға мақта өңдеу ұйымының нақты жай-күйі туралы ақпарат беруге және осы мақта өңдеу ұйымының шаруашылық қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге міндетті.

8. Уақытша әкімшіліктің мақта өңдеу ұйымының мүлкін мүлікті кепілге беруді, мүліктік жалдауды қоса алғанда, иеліктен шығару жөнінде шешімдер қабылдауына жол берілмейді.

36-бап. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды тоқтату

36-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

36-бап өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

1) соттың шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімі өткеннен кейін;

2) сот уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдаған жағдайда тоқтатылады.

2. Уақытша басқару:

1) мақта өңдеу ұйымы берілген мақта қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігін қалпына келтірген;

2) басқа да мақта қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын тиісінше орындауға ықпал ететін жағдайлар болмаған кезде, уақытша басқару кезеңінде мақта қолхаттарын ұстаушылардың мәлімделген барлық талаптарын толық көлемде қанағаттандырған жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

Уақытша әкімшіліктің уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау үшін негіздердің болуы туралы актісінің негізінде қабылданатын уақытша басқару жөніндегі комиссияның ұсынысы соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

3. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды оны енгізуге әкеп соққан себептердің жойылуына байланысты тоқтату (оның ішінде мерзімнен бұрын) осы мақта өңдеу ұйымына қатысты барлық шектеулерді жоюға әкеп соғады.

3-1. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару тоқтатылған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уақытша басқару жөніндегі комиссия мақта өңдеу ұйымына қызмет көрсететін банктің атына уақытша басқарудың тоқтатылғаны туралы жазбаша хабарлама жібереді (уақытша әкімшіліктің лауазымды адамдарының қолтаңба үлгілері бар карточканың күші жойылуға жатады).

36-бап 3-1-тармақпен толықтырылды ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңына сәйкес (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

4. Егер мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау қабілеттілігін қалпына келтірмеген жағдайда облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы сотқа мақта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы талап арыз беруге бастама жасайды.

4-тармақ өзгертілді ҚР 21.07.2015 жылғы № 336-V Заңымен (29.12.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 22.07.2015 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

8-тарау. Мәжбүрлеп таратылатын мақта өңдеу ұйымын тарату және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі

37-бап. Мақта өңдеу ұйымын тарату үшін негіздер

1. Мақта өңдеу ұйымы:

1) оның мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ құрылтай құжаттарында кез келген негізде таратуға уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша таратылуы (ерікті түрде таратылуы) мүмкін, бұл ретте облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органына хабарлама жіберіледі;

1-тармақша өзгертілді ҚР 29.09.2014 жылғы № 239-V Заңымен (07.03.2014 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 02.10.2014 жылы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

2) сот шешімі бойынша таратылуы (мәжбүрлеп тарату) мүмкін.

38-бап. Мақта өңдеу ұйымын мәжбүрлеп тарату үшін негіздер

38-бап өзгертілді ҚР 15.07.2011 жылғы №461-IV Заңымен (05.07.2011 ж. редакцияны қараңыз)

Мақта өңдеу ұйымын сот:

1) банкроттық;

2) мақта өңдеу ұйымын құрған кезде жойылмайтын сипаттағы Қазақстан Республикасы заңнамасын бұзушылықтарға жол берілуіне байланысты оның тіркелуі жарамсыз деп танылған;

3) мақта өңдеу ұйымының жарғылық мақсаттарына қайшы келетін қызметті үнемі жүзеге асырған;

4) мақта қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі

қызметті жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясыз қызметті жүзеге асырған не осы Заңмен тыйым салынған қызметті жүзеге асырған, не қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасын бірнеше рет немесе өрескел бұза отырып жүзеге асырған, соның ішінде корпоративтік табыс салығы (жиынтық жылдық кіріс және жасалған шегерімдер туралы) туралы декларацияны немесе заңда белгіленген табыс ету мерзімінен кейін бір жыл өткен соң оңайлатылған декларацияны ұсынбаған, мақта өңдеу ұйымының тұрған жері бойынша немесе нақты мекен-жайы бойынша болмаған, сондай-ақ, өздерінсіз мақта өңдеу ұйымы бір жыл ішінде жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды тұлғалар болмаған;

5) егер мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау қабілеттілігін қалпына келтірмеген жағдайларда, мәжбүрлеп таратуды жүргізеді.

39-бап. Мүліктік массаны қалыптастырудың ерекшеліктері

39-бап өзгертілді ҚР 07.03.2014 жылғы № 177-V Заңымен (13.06.2013 ж. редакцияны қараңыз) (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң қолданысқа енгізілуі тиіс) 15.03.2014 жылғы „Егемен Қазақстан„ Республикалық газетінде жарияланды

Мақта өңдеу ұйымы банкрот болған, таратылған кезде оның есебінен мақта өңдеу ұйымы кредиторларының талаптары қанағаттандырылатын мүліктің құрамына, сондай-ақ мақта өңдеу ұйымының мүліктік массасына сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге қабылданған мақта енгізілмейді.

40-бап. Мәжбүрлеу тәртібімен таратылатын мақта өңдеу ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандыру кезектілігі

1. Мәжбүрлеп таратылатын мақта өңдеу ұйымы кредиторларының талаптары, соның ішінде банкроттығына байланысты белгіленген тәртіппен танылған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылады:

1) бірінші кезекте өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін таратылатын мақта өңдеу ұйымы жауапты болатын азаматтардың талаптары тиісті мерзімдік төлемақыларды капиталдандыру жолымен қанағаттандырылады;

2) екінші кезекте жеке еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы, жалақыдан ұсталған алименттерді және міндетті зейнетақы жарналарын, сондай-ақ, авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі берешектер төлемі бойынша есеп айырысу жүргізіледі;

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР 02.08.2015 жылғы № 342-V Заңына сәйкес 2-тармақша келесідей редакцияда әрекет етеді:

2) екінші кезекте жеке еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін адамдармен еңбекақы, жалақыдан ұсталған алименттерді және міндетті зейнетақы жарналарын, төленген жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, сондай-ақ, авторлық шарттар бойынша сыйақылар төлеу жөніндегі берешектер төлемі бойынша есеп айырысу жүргізіледі;

3) үшінші кезекте кепілдік туралы мәліметтері бар мақта қолхаттарын ұстаушылардың талаптары; мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді өтеуге байланысты мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының жүргізілген төлемдер бойынша болашақтағы талаптары қанағаттандырылады;

4) төртінші кезекте кепілдік туралы мәліметтері жоқ мақта қолхаттарын ұстаушылардың талаптары қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте таратылатын мақта өңдеу ұйымының мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілген міндеттемелері бойынша кредиторлардың талаптары қамтамасыз ету сомасы шегінде қанағаттандырылады;

6) алтыншы кезекте салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешек өтеледі;

7) жетінші кезекте Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да кредиторлармен есеп айырысу жүргізіледі.

2. Тарату ісін жүргізуге байланысты, соның ішінде мақта өңдеу ұйымы тарату комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шығыстар, сондай-ақ, таратылатын мақта өңдеу ұйымының негізгі функцияларын қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтын шығыстар кезектен тыс және тұрақты жүргізіледі.

Мақта өңдеу ұйымын тарату кезеңінде туындайтын салықтық міндеттемелер, олардың туындауына қарай Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде және тәртіппен орындалады.

9-тарау. Қорытынды ережелер

41-бап. Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мақта саласын дамыту туралы заңнамасының талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

42-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті Н. НАЗАРБАЕВ